ӘОЖ 903/904(575)
ҒТАХР 16.21.33
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.99(3).129

**[1] Тұяқбаев М.Қ., [2] Шоқпаров Ә.Ж., [1]Сиздиков Б.С.***

**[1]Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан**
**[2]Халықаралық туризм және меймандостық университетіне, Түркістан қ., Қазақстан**

***Корреспондент-авторы:** bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

# ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНІҢ БАЙЫРҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

**Аңдатпа.** Тарих қойнауында жатқан, отандық тарихымыздың құндылығы мен маңыздылығын одан әрі арттырған, өз заманында тек отандық тарихта ғана емес, күллі түркі халықтарының тарихында маңызды орынға ие, түркі дүниесінің рухани астанасы Түркістан өңірінің байырғы жер-су атауларын зерттеу, талдау және ғылыми айналымға енгізу қәзіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылуда. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңның маңыздылығы қарастырылады. Түркістан қаласы – қазақ мемлекеттігінің қалыптасуында және дамуы барысында маңызды рөл атқарған тарихи әрі рухани орталық. Оның ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихындағы алар орны ерекше, себебі қала Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан, бұл қаланы экономикалық, саяси-әкімшілік және мәдени орталыққа айналдырды. Мақалада Түркістан өңіріндегі байырғы жер-су атауларының этнонимиялық ерекшеліктері мен олардың тарихи тамырлары зерттеледі. Өңірдегі жер-су атауларының көбін халық, ел, тайпа және ру атауларынан тұратынын атап көрсетілді. Зерттеу барысында сақ, үйсін, ғұн, түркі, оғыз және қыпшақ кезеңдерінен бастау алатын, араб, парсы, қазақ және өзбек тілдеріндегі атаулардың араласуы қарастырылады. Сонымен қатар мақалада Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұраларын сақтау мен дамыту жолдары талқыланып, Қазақстанның стратегиялық даму бағыттарының бірі ретінде мәдени туризмді өркендету қажеттілігі атап өтіледі. Зерттеу нәтижелері тарихи-этнонимиялық және топонимикалық материалдардың өңірдің этникалық құрылымын және тарихи көші-қондар жолдарын түсінуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Мақала Түркістан өңірінің тарихи-мәдени мұрасын терең зерттеуде этнонимияның маңызды рөлін айқындайды. Түркістанның ерекше мәртебеге ие болуы – оның тарихи мұрасын сақтауға және оны әлемдік деңгейде танытуға үлкен мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** Түркістан; Ұлы Жібек жолы; топонимика; тарихи-мәдени мұра; тарих; туризм.

*Кіріспе*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл заң Түркістан қаласының еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі ерекше мәртебесін бекітеді. Түркістан – қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен дамуында айрықша орын алатын тарихи қала. Бұл қала ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихындағы маңызды тарихи орындардың бірі болып саналады. Қаратау мен Сырдария өзенінің аралығында орын тепкен Түркістан өңірінде тарихи-мәдени ескерткіштер өте тығыз орналасқандығын археологиялық зерттеулер нәтижесінде дәлелденуде. Бұл өңірдегі ортағасырлық қалалары мен қоныстардың Ұлы Жібек жолы бойында орналасуының арқасында саудасы мен экономикасы, ғылымы мен мәдениеті қатар дамып, экономикалық, саяси-әкімшілік және әскери-стратегиялық орталыққа айналды. Сауданың дамуы өңірдегі халықтың тығыз қоныстануына негіз болды. Бұл өз кезегінде өңірдегі ортағасырлық қалалардың пайда болып, өркендеуіне, сондай-ақ көрші мемлекеттермен мәдени байланыстардың нығаюына ықпал етті. Осы себепті ғылыми ортада Түркістан өңірінің тарихына деген қызығушылық артып, өңірдің тарихы кешенді түрде зерттеле бастады.

Осы күнге дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Түркістан өңірінің тарихы сонау тас дәуірінен бастау алатындығы анықталды. Түркістан өңірінде орналасқан тас дәуіріне мерзімделген Шоқтас I, II, Қосқорған I, II ескерткіштері бұл пікірімізді қуаттай түсуде. Түркістан қаласының маңынан жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында қола дәуіріне мерзімделген ескерткіштер анықталды. Бұл зерттеулердің нәтижесінде Түркістан қаласының төңірегінде андронов мәдениетін қалыптастырған халықтардың мекендегендігін білуге болады [1,220]. Бұл өңірде ерте темір дәуірінде көне парсы деректерінде «сақ», қытай деректерінде «сай», ассириялық деректерде «ашгузай», грек деректерінде «скиф» және Ирандақтардың көне діни кітабы Авестада «турлар» деген атпен танылған тайпалар мекендегендігі белгілі болды (2, 1-19; 3, 41-45; 4, 477-479; 5, 159). Осы себептерге байланысты ерте темір дәуірінде сақ тайпалары мекендеген бұл аймақ «Тұран» деген атпен танылғандығы белгілі. Түркістан қаласының алғашқы атауын осы сақ тайпасының атауымен байланысты деген пікірлер де баршылық. XVII ғ өмір сүрген әйгілі тарихшы Махмуд ибн Уәли өзінің «Бахр ал-асрар фи манахиб ал-ахиар» атты кітабында «Қазіргі Түркістан – бұл Сақ қаласы, қара халық огны Ясы деп атайды», қаланың ежелгі Сакси атауының, «сақ» атауымен үндестігін байқауға болады деп көрсеткен. В.И.Абаевтың пікірінше, «сақ» атауын «тура» терминінің баламасы деп қарастыруымыз қажет, тіпті, бұл тайпалар «тура-сақтар» деген біріккен атаумен де танылған [6,5]. Қаланың ежелгі атауы, бұл өлке тарихының тереңде жатқандығына негіз болуда.

Біздің ойымызша Түркістан қаласының көне орны Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстік-батысында орналасқан Күлтөбе қаласының орнында орналасқан. Бұған дәлел ретінде Е.Смағұлов, М.Елеуов, М.Тұяқбаев және т.б. зерттеушілердің жылдар бойы жүргізге зерттеулерін келтіруге болады. Тарихи деректерге көз жүгіртер болсақ Түркістан өңірінің VII-XII ғғ «Шауғар» деген атпен танылғандығы белгілі. Бұл өңір Түркі қағанатына қараған. Өңір IX ғ

қарлұқтар мен оғыздардың ықпалында болды. Қазіргі Түркістан қаласынан оңтүстік-шығысына қарай 8 шақырым жерде орналасқан Шойтөбе атты көне қала орны сол бұрынғы Шауғар қаласының орны деген болжам бар [7,77].

Шауғардың қазіргі қазақ тілінде аудармасы Қаратау. Шауғар-Қаратау-Қрашоқы сөздері бір-бірінің баламасы. Шауғар мен Фараб өңірі Тарбад деп аталған бір иеліктің құрамдас бөлігі болған. Сондықтан Махмуд Қашқари «Дивани лұғат ат-Түрік» атты еңбегінде «Қарчук-Фарабтың басқа аты» деп жазады. Бұл иелік түркі қағанаттарына қарады. Араб географы әл-Мақдисидің сипаттауынша X ғ аяғында: «Шауғар айналасында елді мекендер бар, биік қорғанмен қоршалған үлкен қала. Мешіті базар ішінде. Араб деректері бұл қаланы Шауғар десе, түркі деректері Қарашық деген. «Оғыз қаған» дастанында Салар Қазанды «Қарашықтың қабыланы» деп жырласа, қазақ жыр-дастандарында, аңыз-әңгімелерінде «Қырық қақпалы Қарашық» деп аталған [6, 6]. XII ғ. Шауғар аты тарихи деректер мен жыр-дастандарда сирек кездесіп, Қарашық деп аталып кетеді. XII ғ. түркі дүниесінің рухани ұстазына айналған Қожа Ахмет Ясауидің Қарашық жеріне жақын Ясы мекеніне орнығуы қаланың одан әрі гүлденіп дамуына бірден-бір себепші болды.

Ясы қаласы жайында деректер XIII ғ жарық көреген Киракос Ганзакенцидің «Армения тарихы» атты еңбегінде Ясы Асон деген атпен көрсетілген. Ясы атауы XIV ғ бастап тарихи деректерде жиі кездесе бастайды. Ясы бұл өңірдегі ірі сауда орталығының бірі болған. Рузбихан бұл өңірде жазық даланың, Орталық Азиянының, Қытайдың сауда жолдары тоғысқан деп мәлімдеген. «Солтүстік жағындағы өзбек (қазақ) жерлерінен Әндіжанға жүретін жолдарымен Қытайдың шекарасына дейін Ясыға заттар мен бағалы бұйымдар жеткізілген. Бұл қала әр-түрлі елдердің саудагерлері мен жолаушыларының аялдайтын жері болған. Түркістан егін шаруашылығы дамыған өіңірлердің бірі болған. Жарлықтарда кездесетін Ходжа-Тұмасы құдығы, Мир-Қара-Су, Шорнақ, Қарбұлақ, Садай-Бұлақ, Ақ-Тепе, Ұржар, Мыш, Ақ-Зұлқия және т.б арықтардың аттары бұл пікірімізді қуаттай түсуде.

XV-XVI ғ Ясы қаласының атауы Түркістан деген атпен таныла бастайды. Бұл өзгеріс жайында тарихшылардың көпетеген жеке пікірлері баршылық. Біздің пайымдауымызшы қала атауының Түркістан деп өзегеруі жаңа баста айтып өткен темір дәуірінде мекен еткен «Сақ» және «Тур» тайпаларының атауымен тығыз байланыста болуы мүмкін. Қала атауының өзгеруіне байланысты алғаш пікір білдірген зерттеушілердің бірі В.В.Бартольд болды. Шығыстанушығ академик «Ислам энциклопедиясында» жарияланған «Түркістан» атты мақаласында түркі елінің пірі Қожа Ахмед Ясауидің халық берген атағы Әзіреті Түркістан болғандықтан қаланың жаңа атауы осыдан туындаған болса керек деп пікір қалдырған. Ортағасырлық қала мәдениетін зерттеген Е.И.Агеева мен Г.И.Папевич жазба деректеріді талдай отырып, Ясы атауының Түркістан деп өзгертілуі XVI ғ. екінші жартысынан бастағанын анықтаған. Зерттеушілердің пікірінше, қала атауының өзгеруі бұл аймақтың қазақ хандығының құрамына өтуіне байланысты болған. Е.А.Сұмағұлов, «Шайбани хан жорықтарынан Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға келген түркі экспанциясынан кезекті толқыны түркі әулиесінің

тұлғасы мен Ясыдағы оның кесенесін әдеттен тыс оны танымал ету нәтижесінде, қаланың байырғы есімі жаңа атпен ауысты» деген тұжырымға тоқталады [6,8].

Белгілі ақын, жазушы, түркітанушы, Түркістан қаласының тумасы Сәрсен Бек Сахабат өз зерттеулерінде «Ясы – жазық дегенді білдіреді. Жазық болғанда түйенің табанындай дөп-дөңгелек жазық. Қоқан басқыншылығынан кейін, «Турк-и стон» яғни, түркілер боданымыз деген атау берік орнықты» деп көрсетеді. Мұны Нәзір Төреғұлұлы 1924 жылы Мәскеуде жарық көреген «Жат сөздер» еңбегінде дәлелдеп қойғанына қарамастан, Баймырза Хайттың «Түркілер елі» деген анықтамасында кездеседі. Ясы 1579 жылы Хақназар ханның иелігіне айналып, Есім хан билікке келген 1598 жылдан бастап Қазақ хандығының астанасына айналды. Сол кезден бастап Ясы, Түркістан деп атала бастады [2.220]. Қала Түркістан, Ясы, Шауғар, Қарашық, Тұран деп аталсада біз үшін әр қашан рухани астана болып қалабермек.

*Зерттеудің материалдары мен әдістері*

Тарихи деректерде Түркістан аймағының VIII ғасырда Шауғар деген атпен белгілі болғандығы айтылады. Кейіннен Шауғар тұрғындары қандай да бір себептерге байланысты Ясыға қоныс аударған. Бұл қала XII ғасырдағы жазба деректерде кездеседі. Кейіннен қаланың аты өзгеріп Түркістан деп аталған. К.Байпаков бұл қаланың Қазақстанның үлкен бөлігі мен Талас Алатауы, Сырдария өзенінің ортаңғы ағысы және Қаратау баурайын қамтыған аймақтың үлкен орталығына айналғандығын көрсетіп Ясы қаласының бастапқыда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңындағы Күлтөбе қаласының орнында бой көтергендігін атап өтеді [8, 176].

Сондықтан – да көптеген археолог ғалымдар Түркістан тарихының түп тамырын осы Күлтөбе қаласынан іздестірген. Атап айтар болсақ Күлтөбе қаласы жайында алғашқы археологиялық деректерді 1972 жылы Т.Н.Сенигова басқарған археологиялық зерттеу тобы тарапынан жинақталды. Қазба жұмыстары қаланың батыс бөлігінен бастау алды (рабат бөлігі болса керек). Бірақ, XVIII – XIX ғғ. жататын тұрғын үй кешендері топырақтан аршылғаннан кейін ондағы қазба жұмыстары тоқтатылды. Осыдан кейін Күлтөбе қаласының орнында барлау жұмыстары жүргізіліп нәтижесінде VII – VIII ғғ. Отырарда соғылған мыс теңгелер табылды. Т.Н.Сенигова бұл теңгелер мен төмеңгі қабаттан алынған ерте ортағасырлық қыш ыдыс туралы мағлұматтарды «Новые данные о городище Туркестан» атты мақаласында жариялады [9, 54].

Т.Н.Сениговадан кейін Күлтөбе қаласының орнында 1981 – 1984 жж. Е.Смағұлов жетекшілінде бекініс орнының оңтүстік шетінен 70 шаршы метрден астам алаңда стратиграфиялық қазба салынды. Қазба жұмыстары нәтижесінде 7 құрылыс қабаты анықталды. Е.Смағұлов ең төменгі бірінші құрылыс белдеуінен дән үккіш пен саз ыдыс бөліктерін тауып ешқандай құрылыс анықтамаған. Е.Смағұлов табылған саз ыдыстарды қаңлылардың отырар – қаратау мәдениетіндегі ыдыстармен салыстыра келе, 1-құрылыс қабатын IV – V ғғ. мерзімдеген [10, 281; 11, 12]. Жалпы Е.Смағұлов қазба жұмыстары барысында алынған заттай деректер арқылы 2-құрылыс қабатын V-VI ғғ., 3-құрылыс қабатын (ат жерлеуі, үзеңгі, белдіктің күміс қаптырмасы, жалғыз шығыршықты темір ауыздық) негізінде VII ғғ, 4 және 5-құрылыс қабатын IX – XII ғғ., 6-құылыс

қабатын XIV ғасырдың алғашқы ширегіне жатқызса, ең соңғы жоғарғы 7-құрылыс қабатын XIX ғ. мерзімдеген [12, 106].

Күлтөбе қаласындағы қазба жұмыстар 1980 жылдардың соңына таман Ерзакович тарапынан жүргізілген. Ол, шығыс моншасының 100 м оңтүстік – шығыс қапталында орналасқан төмпешікке қазба жұмыстарын жүргізген. Осыдан кейінгі археологиялық зерттеулер 2000 жылдары М.Елеуов тарапынан 1981 жылғы стратиграфиялық қазбаның жанында жүргізілген. Бұл зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты археологиялық деректер негізінде Түркістан қаласының жасын анықтау болатын. Бұл зерттеулердің нәтижесінде 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерей тойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді.

2008 жылы М.Тұяқбаев Күлтөбе цитаделінің 588 м солтүстік - батысында қазба жұмыстарын жүргізді. Ескі Түркістан қаласының орнында «Хан Ордасы» деп анықталған қаланың бұл кварталындағы археологиялық зерттеу жұмыстары барысында алты құрылыс қабаты аршылып зерттелген. Бұлардың ең жоғарғы құрылыс қабаты XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың бірінші жартысына жатса, ең төменгі алтыншы құрылыс қабаты XVII ғ. аяғы мен XVIII ғ. бірінші жартысына сай келетіндігі дәлелденген.

Тарихи жазба деректерде XVIII ғасырда Ескі Түркістан қаласында екі Хан Ордасы қатар өмір сүргендігі жайында деректер келтірілген. Бұл жайлы И.В. Ерофееваның «Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв.» [13, 76-82] атты еңбегінен және Б.Т. Тұяқбаева пен А.Н. Проскуриннің «Проект регенерации цитадели в городе Туркестане» атты мақаласынан толыққанды деректер табуға болады [14, 17-19].




2-сурет - Д.Г. Мессершмидтің картасы [14, 19]

Ал, тарихшы И.В. Ерофееваның мақаласындағы деректерде 1743-45 жылдар аралығында Түркістанды және оның айналасындағы қалаларды Әбілмәмбет хан мен Сәмеке ханның үлкен ұлы Сейіттің екіге бөліп билегені

айтылған. Әбілмәмбет ханға 1749-1750 жылдар аралығында бұл қалаларды Тұрсын ханның ұлы Барақ ханмен бөлісуіне тура келді, ал 1762-1771 жылдар аралығында Әбілмәмбет ханмен бірге қала мен аймақты Сәмекенің кіші ұлы Есім бөлісіп билейді. Әбілмәмбет өлген соң оның ұлы Болат хан мен Есім хан екеуі бұл қалаларды 1771-1780 жылдары тең бөліп басқарады. Ал, 1780-1798 жылдар арасында Болат хан билігін Абылай ханның ұлы Әділ сұлтанмен бөлісуіне тура келді. Көріп отырғанымыздай XVIII ғ. ортасынан аяғына дейін Түркістанда екі хан ордасы қатар өмір сүрген. Бұл жайлы ең алғашқы деректі XVII ғ. соңында жасалған Д.Г. Мессершмидтің картасынан көре аламыз (1-сурет). Бұл поляк суретшісі ауызша деректерге сүйене отырып Түркістан қаласының XVII ғасырдың соңындағы картасын сызады. Картаның астына Тәуке ханның мөрі басылған. Тәуке хан елшілерінің бірі хандықтың астанасы жайлы түсінік беру үшін жасаттырған болуы мүмкін. Картада қаланың батыс бөлігінде үш жағы көшемен шектеліп, дуалмен қоршалған көлемі 1 га жерге «Ханово место» деген анықтама жазылған. 2008 жылы Е.А. Смағұлов және М.Қ. Тұяқбаев Д.Г. Мессершмидтің картасындағы қаланың 1875 жылғы жобасы мен 1954 жылғы картасын және кейінгі жылдардағы жоба-сызбалары салыстыра отырып «Хан ордасының» орынын анықтаған (2-сурет) [15, 3-4].



2-сурет - Ескі Түркістан қаласының әуеден көрінісі

Е.Смағұлов 2011-2012 жылдары Күлтөбе цитаделінің оңтүстік-батыс, батыс бөлігіне қазба салып төрт жапырақты (крестообразный) теңдессіз нысанды анықтады [16, 86]. Бұл, қазақ даласында өмір сүрген ежелгі халықтардың рухани өмірі мен мәдениетінен сыр шертетін өте маңызды нысан болып табылады.

Қазіргі таңда нысанды күніге жергілікті және шет елдерден келген туристердің өзі саяхаттап зират етіп жүр (сурет керек).

2018 жылдың 19 маусымында тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев Түркістан қаласының облыс болғандығын атап, құжатқа қол қойған болатын. Осы бастама бұрыңғы Түркістан қаласының әлеуметтік, мәдени және экономикалық саласының дамуына серпін берді. Әсіресе, Түркістанның облыс болуы қалада жаңа құрылыстардың бой көтеруіне себеп болды. Осы орайда мемлекет тарапынан Түркістан қаласының орнында әр кезеңнің құрылыстарын аша отырып археологиялық парк жасау жөнінде шешім қабылданды. Осы шешімге сәйкес тарихи орында кешенді түрде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты жаңа облыстың жаңа құрылыс стратегиясына сәйкес айқындалды. Яғни, Түркістан қаласының орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, ашылған құрылыстарды ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру мақсатында жүргізілді.

2020-2021 жылдары Ескі Түркістан қаласының орнында кең көлемде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары «Қазқайтажаңғырту» республикалық мемлекеттік мекемесі тапсырмасы бойынша жүргізілді. Ғылыми жобаны орындау барысында археолог С.С. Мургабаев пен т.ғ.к. М.Қ. Тұяқбаевтың жетекшілігімен «Мәдени мұра» ғылыми-зерттеу орталығының Ескі Түркістан археологиялық экспедициясы археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеудің негізігі мақсаты Кейінгі ортағасырлық Ескі Түркістан қаласында кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ашылған нысандарды қалпына келтіру мақсатында жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Әбілмәнбет хан мен Тәуке ханның билігі тұсына жататын Ескі Түркістан қаласының планографиясы, қамал қабырғасы, тұрғын үй кешендерінің толық құрлымы ашылып, мәдени қабатырдың XVII ғ. соңы мен XX ғ. басына жататындығы анықталды.

*Талқылау және зерттеу нәтижелері*

Мұндағы бізді қызықтырып отырғаны халық, ел, тайпа, ру аттарынан шыққан атауларды зерттейтін – этнонимия ғылымы болып отыр. Себебі, Түркістан өңіріндегі елді мекен атауларының барлығы дерлік халық, ел тайпа, ру аттарынан қалыптасқан. Бұл жағынан және атаулардың көнелігі жағынан біздің аудан Қазақстандағы ең бай өлке десек қателеспейміз. Түркістан өңіріндегі жер-су атаулары арасында сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, түркі, оғыз және қыпшақ кезеңдерінде араб, парсы, қазақ және өзбек тілдерінде қалыптасқан атаулар да кездеседі [17, 37-38]. Мысалы, Түркістан жазирасындағы ең көне атау «Метанкәріз» деген Талап ауылы түбіндегі кәріз жүйесі. Әлішер Ақышевтың берген түсініктемесі бойынша «метан» деген сөз Сақ тілінде «қоныс» дегенді білдіреді, яғни XV-XVI ғғ. кәріз қазылғанға дейін-ақ бұл жер «Метан» деп аталған. Жалпы, кәріздердің аттары сол маңдағы елді мекен, өзен, сай, төбе т.б. көзге түсетін нысандардың аттарымен аталуы қалыпты жағдай. Ал, Түркістан өңіріндегі «Сауран кіші жазирасы» деп ғылымда аталатын аймақта 240-қа жуық кәріз жүйелері орналасқан. «Метан» атауынан келсек, бұл сөз сонау сақ дәуірінен (б.з.д.VIII-III ғ.) бері сақталып келе жатқан топоним деп жобалаймыз. Бұл ойымызды Шауғар (Савгар) атауы мен Шавран (Савран) атауларының түп тамыры сақ кезеңіне кететіндігі де қуаттайды.

Сақ тіліндегі «Sawgar» атауы осетин тілінде «Saw» деген сөзінің «қара» деген мағынасы бар екендігімен ерекшеленеді, ал көне иран тілінде ол «Sayava garі», соғды тілінде «Sawgar» деп аталады және бұл түркі тілінде Қаратау атауына ұласты. Тағы бір атау – «Sawran» (Савран) – «Saw» сөзі «қара» деген мағынаны білдірсе, көне иран тіліндегі «ravana» сөзі «дала» деген мағынаға ие болған [18, 16]. Бұл мәліметтерді Е. Смағұлов В. Шуховцовтың «Несколько заметок по топонимам Южного Казахстана» атты еңбегіне сүйене отырып келтіреді [19, 151-152].

Алайда, Өзбек Ғылым Академиясының Археология иститýты 1986 жылы басып шығарған «Материалы к этнической истроии населения Средней Азии» атты ғылыми жинақта атақты ғылым Бөрібай Ахмедовтың «Значение письменных памятников в изучении этнической истории узбеков» деген мақаласы жарияланады. Мақалада ғалым Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген халықтар жайлы деректерді сонау «Авестадан» бастап талдайды. Бізді қызықтырғаны XVI-XVIII ғасырларда жазылған «Маджму ат - таварих» (Тарихтар жинағы), «Насаб-наме-йи узбек» (Өзбектер шежіресі) және «Асами-йи навади дуфирка-йи узбек» (92 өзбек руларының атаулары) деген еңбектер болып отыр. Бұлардың алғашқысы - «Тарихтар жинағында» 92 ру мен тайпаның аттары келтіріледі және 88-ші болып «Шуран» атты тайпа келтірілген, ал, «Өзбектер шежіресінде» келтірілген 91 ру мен тайпаның 66-шысы «Сауран» деп аталған, бұларға қоса, «92 өзбек руларының атауларында» 92-нің 86-сы болып «Шауран» (Сауран) деген тайпа көзге ұрып тұр [20, 14-30]. XI ғ Махмұт Қашқариде де, XIII-XIV ғғ. Рашид ад-Динде де, Джамал Қаршиде де, XV ғасырда Муин ад-Дин Натанзиде де, Шарафад-Дин Әли Иездиде де, тіпті Мырза Ұлықбекте де айтылатын оғыз, түркі, монғол тапаларының ішінде (шығыстан келген) Сауран тайпасы кездеспейді, Яғни, бұл жергілікті (автохтонды) тайпа және олар Өзбекстан мен Оңтүстік Қазақстанды сақ-үйсін дәуірінен бері қоныс етіп келе жатқан халық деп есептейміз.

Сонымен бұл атау «Савран» ба, әлде «Шуран, Сауран, Шауран» ба дегенге келсек екеуі өмір сүрген ғасырларға үңілуге тура келеді. Алғашқы «Савран» В. Шуховцовтың пікірінше соғды тілінде «Saw», ягноб тілінде (таулық тәжіктер) «Saw», хорезм тілінде «syav/sav», осетин тілінде «Saw», және көне иран тіліндегі «syava» сөзі – қара деген мағына береді. Екінші буыны көне иран тіліндегі «ravana» – дала, жазықтық дегенді білдіреді, яғни «Шауран» немесе «Савран» – қара дала деген сөз болып шығады. Дегенмен, бізге «Сауран, Шуран, Шауран» деген сөз тайпа атауы деген анықтама көңілге қонатын сияқты. Алайда, ғылымда, тарихта қала, қоныс, елді мекен атауының бүкіл бір елге таңылып кеткені де болған, алысқа бармай-ақ өзіміздің Сығанақтан басқа жерге көшіп қонған тұрғындардың «Сұғнақтықпыз» деп жүріп «Сунақ» аталып кеткеніне көз салсақ та жеткілікті. Өзбектердің әлі күнге руын, тайпасын атамай шыққан, туған жерін атап «Иқанлық, Қоқанлық, Ибаталық» деп жүргенінің түбінде бір негіз бар сияқты.

Тайпа атауы демекші, бұған алғашқы дәлелді қазіргі күнгі Атлас (карталар жинағы) деректерінен табамыз. 2004 жылы шыққан әлемдік Атластың 101-бетінде Молдавия мен Румынияның шығыс бөлігі және Украинаның батыс бөлігі

түсірілген, ал келесі 102-103 беттерде Украина толық берілген. Бізді қызықтырғаны Украинаның оңтүстік-батысындағы Одесса облысының территориясында орналасқан «Савранка» өзені мен оның жағасында орналасқан «Саврань» қалашығы болды. Бұл кездейсоқ дейін десек Савраннан оңтүстік-батысқа қарай 255 км жерде Румынияның Бухарестен кейінгі ең үлкен қаласы «Яссы» орналасқан. Бұл екі қаланың сонау шығыс Европада да біздегідей қатар орналасуы кездейсоқ па? Олай дейін десек Савранға жақын Бақша, Балта елді мекендері, Чорна, Тилигуль (Телікөл) өзендері де ағып жатыр. Ал, көрші Молдавияның оңтүстігінде Чага (Шаға), Сарата (Сарыата), Ялпуг (Жалпақ), Чилигдер (Шіліктер), Киргиж (Қырғыз), Алиага (Әли аға) атты өзендер, Сасык, Шаганы, Алибей деген көлдер, Сарата, Татарбунары, Тузлы, Тараклия, Садаклия, Ченак, Чумай, Яргара атты елді мекендер бар [21, 101-103]. Ал, Молдавияның Румыниямен шекаралас жатуы, тіпті, бір замандары Румынияның құрамында болуы көп нәрсені аңғартса керек. Мейлі, бұл атаулар құман, қыпшақ, беженектер, моңғолдар тұсындағы соғыстар, қоныс аударулар тұсында қалыптасқан дейін десек, Сауран мен Ясының түбі тереңде – сақ, ғұн, кезеңіне жататындығы белгілі. Б.з.д. VIII ғ. соңы – VII ғ. басында көшпелі сақ тайпалары Оңтүстік Орал, Солтүстік Каспй аймақтары арқылы, Солтүстік Қара теңіз аймағындағы кемер тайпаларының жеріне қоныстана бастағаны белгілі [22, 7 б; 23, 13 б; 24, 355 б; 25, 99 б; 26, 11 б; 27, 464 б; 4, 495 б; 28, 239 б; 29, 309 б]. Көшпелі сақ тайпаларының бұл аймақтар арқылы Солтүстік Қара теңіз аймағына келгендігін археологиялық зеріттеулер нәтижесінде табылған материалдар негіз болуда. Осы кезеңде бұл қалалардың пайда болғандығын аңғаруға болады. Ғұндардың I – V ғасырларда Қазақстан мен одан әрі Каспий, Қара теңізді жағалап Еуропаға өткені, сол толқында көптеген Орталық Азия халықтары оларға еріп Шығыс Еуропаға тарап қоныстанғаны белгілі. Бұл көшкін тарихта «Халықтардың төртінші – Ұлы қоныс аударуы» деген атпен қалды [30, 205-351]. Міне осы ұлы көшкінге ілесіп Савран (Саурандар), Ясы (Асылар), Қанғас (Қанг астары) тайпалары Батыс Украина мен Румынияға қоныс тепкен деп болжаймыз. Бұған тағы бір дәлел Румыниядағы Яссы қаласы маңында қазіргі күнге дейін «Кангаз» – Қанг асстары (Асский Канг) деген қала бар. Ал, Яссының түбірі Асс халқының атауы десек, Канг (Қанг) деп сол ежелгі замандарда (б.з.д II – б.з. IV ғғ.) Сырдарияны атағаны белгілі, яғни, «Кангаз» – Сыр бойының ассатры деген сөз. Бұған қосымша дәлел сол замандарда Әмудария мен Сырдария бойында Қаңгүй мемлекеті, Сырдарияның сол жағасында Қаңгдез (Қандөз) қаласы өмір сүргендігін келтірсек те жеткілікті. Байқап отырғанымыздай асстар Румынияда екі қала, Саурандықтар өз есімін Украинадағы өзен мен қалаға берген, бұл екеуінің Сырдария бойы мен Европада қатар қоныстануы олардың бір-бірімен туыс халықтар болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

«Ясы» этнотопонимі ортағасырлық түркілердің «Яссы» тайпасының атынан да шығуы мүмкін деген ойды академик В.А.Гордлевский [31, 363] алға тартады. Яссы тайпасы VII-VIII ғғ. Сырдарияның орта ағысы аймағында өмір сүріп, IX-XI ғғ. оғыз тайпаларының құрамында болған. Күлтөбе – Ясы қалаларының орнында 1979-1983 жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер қаланың жасын айтарлықтай тереңдетіп, б.з. I мың жылдығының ортасынан

әрірек кезеңді көрсетті [32, 579-580]. Ал, 2010 жылы жүргізілген қазба нәтижесінде үлкен ғибадатқана аршылып қаланың жасы б.з. I ғасырына дейін жетті. Бұл аздай, 2019 жылы қаланың оңтүстік бұрышына салынған қазба бұл жерді адамдардың б.з.д. III ғ. бастап қоныс еткенін көрсетті [33, 36-40]. Бұл деректерді зерттей келе Ясы топонимін «Асы» этнонимімен байланыстырған дұрыс болатынына көз жеткіздік. «Асы» атауымен б.з.д. I мыңжылдықтың соңында шығыс ирандық (Қазақстан, Өзбекстан территорияларында мекендеген) тайпалар бірлестігі тарихи аренаға шыққан болатын. Антикалық дәуір авторларының еңбектерінде бұл атау Греко – Бактрияның (Ауғанстан территориясында) күйреуімен байланысты оқиғаларды суреттеген тұстарында кездеседі. Асы тайпасы Греко – Бактрияға солтүстік-шығыстан басып кірген варварлық тайпалар қатарында аталып «переселились из области на другом берегу Яксарта» (Сырдарияның оң жағалауы) деп баяндалады [34, 130].

Антикалық авторлар Асыларды (асилер, асиандар) Қытай деректеріндегі үйсіндермен екеуі бір халық деп есептейді және тұратын жерлерін Батыс Жетісу, Қаратау өңірі мен Сырдың орта ағысы деп анықтайды [35, 49; 36, 43]. Біздің заманымызға дейінгі II-I ғғ. жойқын тарихи құбылыстардың ағымына іліккен бұл халықтың бөліктері б.з. IV ғ. Солтүстік Кавказдан Үндістанға дейінгі аралыққа шашырап кетті және «Ас» түбірі негізінде пайда болған көптеген этнотопонимдердің тууына әсер етті. Тарихи тағдырларының онан әрі талқыға салуы, бұл тайпалардың таралу кеңістігін Венгрияға дейін кеңейтті, мұндағы Ясапати, Ясберен, Ясладань, Уйсас, Ач елді мекендерінің аттары сол заманнан қалған жаңғырық болуы мүмкін. Бұл халықтың тарихы мен мәдениеті, әртүрлі аймақтарда мамандардың аса қызығушылығын туғызып, бұл күндері өте көлемді библиографиялық еңбектер тізімінің жинақталуына негіз болды [37, 98-106; 38, 28-40; 39, 284-292; 40, 46-45].

Бірақ, біз үшін ең маңыздысы – бұл халықтардың ежелгі бірлестігінің туған жері болып Орта Сырдария өңірі табылатындығы және олардың ұрпақтарының кейінірек мәдени тұрмысы өте жақын келгінші халықтармен қан араластырып, осы аймақта өмір сүруін әрі қарай жалғастырғаны демекпіз. Бұған, б.з. I ғасырынан VII-VIII ғғ. дейінгі аралықта мәдениетің сабақтастығы және топонимиканың ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамай жетуі дәлел болады [41, 9]. Мысалға «Ясы» этнонимі Ферғана мен Хорезмдегі кейінгі кезеңдегі өзбек тайпалары арасында бір кездегі Сырдария бойында сол күйінде сақталғаны демекпіз [42, 264-265].

